Мерей ауылдық округі Айнабұлақ елді-мекенінің жергілікті қауымдастық жиналысының
№10 хаттамасы

Айнабұлақ ауылы **3 қараша 2025 жыл**

Төрағасы: А.Джуматаев
Хатшы: Д.Қуанышева
Жиналыс мүшелерінің саны: 7 адам
Жүргізеді:
Айнабұлақ елді-мекенінің жергілікті қауымдастық төрағасы – А.Джуматаев

Бүгінгі жиналысқа жергілікті қоғамдастық мүшелерінен 7 адам (тізімі жалғанады) қатысып отыр. Жиналысты өткізуге жергілікті қоғамдастық мүшелерінің саны жеткілікті. (Жергілікті қауымдастық мүшелері және ауылдық округ әкімі аппаратының қызметкерлері).

Күн тәртібі:

Айнабұлақ елді мекенінің қатты тұрмыстық қалдықтар алаңын жинау.
(Хабарламашы – З.Магзомов Мерей ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы)

Дауысқа қоямын.

- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 7 адам.

Барлықтарыңыз бір ауыздан ұсынысымды қолдап, қабылдадыңыздар олай болса күн тәртібі бекітілді. Сөз сөйлеймін деушілер болса рұқсат.

Сөйлеушілер:

1. **Мерей ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы З.Магзомов:**

- 2025 жылға Айнабұлақ елді мекенінің қатты тұрмыстық қалдықтар алаңын жинау жұмыстары жоспарда тұр. Айнабұлақ тұрғындары ұсынысымен, тәжіребиесі мол жергілікті «M-PROEKT SERVIS» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алу порталымен «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту жіберуді қалаймыз.

2. ауыл тұрғыны Б.Аяпбергенов:

- Қатты тұрмыстық қалдықтарын жинақтау қажет. Ішінде сыртына жинау керек. Ауылдың қоқыс төгетін алаңын ауылдастар дұрыс

қолданбайды. Үнемі сыртына төгіп кетеді. Ретке келтіріп берсе жақсы болады. Буртавания жасаса дұрыс болады. 2026 жылға орын босатып қою керек. Ауа райы мүмкіндік беріп тұрғанда жасап кетсе дұрыс болар еді.

Сөйлеушілер болмаса шешім қабылдансын:
Айнабұлақ елді-мекенінің жергілікті қауымдастық жиналысының шешімі:
Жоғарыда айтылғандарды тыңдап, бірауыздан шешім қабылдансын.
«M-PROEKT SERVIS» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алу порталымен «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту.

Дауысқа қоямын.

- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 7 адам.

Жиналыс шешімі бір ауыздан қабылданды. Олай болса Айнабұлақ елді-мекенінің жергілікті қоғамдастық жиналысын жабық деп жариялаймын.

Жиналыс төрағасы **А.Джуматаев**

Жиналыс хатшысы **Д.Қуанышева**